

«Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы Степногорск қаласының жоғары колледжі» МКҚК-ның 2025 жылғы мемлекеттік қызметтер бойынша есебі

1. Жалпы ережелер

1) *Қызмет берушілер туралы мәліметтер:* «Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы Степногорск қаласының жоғары колледжі» МКҚК. Заңды мекенжайы: ҚР, Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 4-шағын аудан, 130/1 ғимарат.

2) *Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат:*

«Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы Степногорск қаласының жоғары колледжі» МКҚК-да 9 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі.

2025 жылы барлығы 757 қызмет көрсетілді;

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілген - 7 қызмет;

көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйелері арқылы көрсетілетін қызметті алушымен тікелей байланыс жасау жолымен электрондық нысанда көрсетілгені – 103 қызмет;

«электрондық үкімет» порталы арқылы – 326 қызмет;

тікелей мемлекеттік орган арқылы қағаз нысанында – 321 қызмет.

Барлық мемлекеттік қызметтер тегін негізде көрсетіледі.

3) *Ең көп сұранысқа ие мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат:* Білім беру саласындағы ең көп сұранысқа ие мемлекеттік көрсетілетін қызметтер: «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау»;

«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру»;

«Азаматтардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне тегін тамақтандыруды ұсыну»;

2. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс:

1) *Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.*

Көрсетілетін қызметті алушыларға арналған барлық қажетті ақпарат (мемлекеттік қызмет көрсететін жауапты қызметкерлер, қызмет көрсету орны, мемлекеттік қызмет көрсету ережесі) ресми интернет-ресурста <http://pt0001.stepnogorsk.aqmoedu.kz//> орналастырылған. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларда жарияланады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету мақсатында колледжде компьютермен, принтермен, сканермен, веб-камерамен, картридермен жабдықталған өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді. ҚР «электрондық үкімет» порталы арқылы қызметтерді электрондық нысанда дербес алу мүмкіндігі бар.

Колледждің фойесінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпаратты қолжетімді алу үшін стенд орналастырылған.

Колледжде мүмкіндігі шектеулі жандар үшін жағдайлар жасалған: шақыру түймесі, пандустар, тактильді бағыттаушы жолақтар, санитарлық-гигиеналық бөлме жиналмалы тұтқалармен жабдықталған.

2) *Мемлекеттік қызметтерді көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбаттар және т.б.).*

БАҚ-та мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі мен мүмкіндіктері туралы 11 ақпараттық мақала жарияланды, оның ішінде: Instagram әлеуметтік желісінде – 11. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша директор жанында кеңес өткізілді.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процестерін жетілдіру жөніндегі қызмет.

1) *Мемлекеттік қызмет көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру нәтижелері.*

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 8 мемлекеттік қызмет түрі «College Smart Nation» ақпараттық жүйесінде автоматтандырылған.

Бұдан бөлек, қолданыстағы «College Smart Nation» ақпараттық жүйесі колледждегі оқу процесін цифрлық форматта автоматтандыруға мүмкіндік берді: талапкерлерден құжаттар қабылдау, оқуға қабылдау және оқудан шығару туралы бұйрықтар, оқу жоспарлары, журналдар.

2) *Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар.*

Жоғары колледжде мемлекеттік қызметтерді 4 қызметкер көрсетеді, олар қажетті компьютерлік техникамен толық қамтамасыз етілген.

2025 жылы колледждің 1 қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау.

1) *Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары туралы ақпарат.*

2025 жыл ішінде мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты шағымдар түскен жоқ.

2) *Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына ішкі бақылау нәтижелері.*

Колледжде көрсетілетін қызметтердің сапасына тұрақты түрде ішкі бақылау жүзеге асырылады, оларды жақсарту және уақтылы көрсету бойынша жұмыстар жүргізілуде, бұл мемлекеттік қызметтерді сапалы әрі қолжетімді көрсетудің ажырамас бөлігі болып табылады.

3) *Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қоғамдық мониторинг нәтижелері.*

Қоғамдық мониторинг нәтижелеріне сәйкес, 2025 жылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасы бойынша қызмет көрсету мерзімдерін бұзу жағдайлары анықталған жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсетуде заңнама бұзушылықтарына жол бермеу бойынша шаралар қабылдануда.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына көрсетілетін қызметті алушылардың қанағаттану деңгейін арттыру және одан арғы тиімділікті перспективалары.

Көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейін арттыру мақсатында колледжде мақсатты жұмыс жүргізілуде.

2026 жылға арналып мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленді:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қатаң сақтау;
- мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- «электрондық үкімет» порталы арқылы келіп түсетін өтініштер үлесін арттыру;
- мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзуға жол бермеу;
- халықты мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы БАҚ, ақпараттық стендтер және ресми интернет-ресурстар арқылы уақтылы хабардар ету, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша семинарлар мен кеңестер өткізу;
- қызмет алушыларды «электрондық үкімет» порталы арқылы мемлекеттік қызметтерді алу мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру және танымал ету бойынша іс-шаралар өткізу;
- мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру.